

1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 159 өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын Алматы қаласында коммуналдық қызметтерді тұтынуды есепке алу құралдарын орнатуды ұйымдастыру бөлігінде жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев:

Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп Алматы қаласының тұрғындарына қаладағы тұрғын үйлерге коммуналдық қызметтерді тұтынуды есепке алу құралдарын орнату және пайдалану мәселелерінде әдістемелік және іс жүзінде көмек көрсету үшін дереу жедел жұмыс тобын құрсын;

топтың жұмысына Алматы қаласы әкімінің өкілдерін, ал қажет болған жағдайда - басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері мен лауазымды тұлғаларын тартсын;

топты қажетті қызметтік үй-жаймен, көлікпен, байланыс құралдарымен және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ете отырып, оның тиімді және тәулік бойы жұмыс істеуі үшін жағдай жасасын;

Алматы қаласының тұрғындарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аталған жұмыс тобының мақсаты мен міндеттері, құрамы, орналасқан жері, оның кезекші телефондары мен жұмыс кестесі туралы құлақтандырсын;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жедел жұмыс тобы жұмысының нәтижелері туралы үнемі хабарлап отырсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңсесіне жүктеймін.

Премьер-Министр